

Ұлттық тәрбие- ұлт болашағы

Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, сапалы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің алатын орны көп. «Жастар біздің болашағымыз» дейтін болсақ сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғарғы адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Қазақ халқының озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні сияқты ұлттық құндылықтарымызды оқытуымыз керек. Салт-дәстүр, ырым-тиым, сәлемдесу әдебі, сөйлеу әдебі, инабаттылық дәстүрлері, қонақ күту, ас ішу, киім кию және тағы басқа.

Ұлттық тәрбиенің дінгегі ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрін, дінін құрметтеуде жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру бүгінгі қазақ елінің индустриалды инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді әрекетке тәрбиелеу, білім мен мәдени тұрғыда басқа өркениет елдерімен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету. Қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана –сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек. Ұлттық тәрбиенің негізгі көздері: фольклор халық ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламалардың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары болып табылады. Осындай ұлылықты, халқымыздың бай, саралы да саналы дәстүрлерін еліміздің болашағы ұрпағымызға үйрету басты міндетіміз.

Жастардың бойында әлеуметтік жауапкершілік пен қоршаған ортаны аялауды қалыптастыру; үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіру, мейірімділік пен адамгершілік қасиеттерін дарытудың маңызы зор. Кез келген адам жасы ұлғайған шағында жастар тарапынан жанашырлық пен қамқорлық күтетінін білу керек. Отанымыз біреу. Тәуелсіздікті әрбір жас көзінің қарашығындай сақтау керек. Жастық шақтың күш-қайратын, білім-парасатын егемен елімізді өркендетуге жұмсап, қолға алған тың жобаларды жүзеге асырып, Қазақ елінің жастары тек алға жетелей беріндер!!!

Ақбөпе Оралбаева,
ақпараттық-библиография бөлім меңгерушісі